

## Көше атауларын қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Егінсу ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 7 қарашадағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 16 қарашада № 5-17-205 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 2 наурыздағы қорытындысына сәйкес және Жанузақ ауылы тұрғындарының пікірі ескеріле отырып, Егінсу ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұлан ауданы Жанузақ ауылының "Бірінші" көшесі "Достық", "Екінші" көшесі "Ардагер", "Үшінші" көшесі "Бірлік" және "Төртінші" көшесі "Ынтымақ" деп қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Егінсу ауылдық округінің әкімі*

*Б. Аскабылов*